



Ғалым МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ ректоры

Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

Құрметті әріптестер және студенттер!

Сіздерді 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы құрамындағы барша ұлтымыз бір мақсатқа жұмылдырып, бір тудың астына біріктіргі. Жеңіс мерекесі – жеңілпаз аға буын мен олардың ерлігін сабақтаған бүгінгі жас ұрпақтың қасиетті мейрамы. Аға ұрпақ айбынды білгімен, қасық қанымен қорған қалған бейбітшілік бізді жігерлендіріп, биік мақсаттарға жетелейді. Сондықтан да Ұлы Жеңістің қадірі бәріміз үшін аса қымбат, ұрпақ үшін тағалымы зор.

Жеңіс күні – батырлық пен қайсарлықтың, халықтар достастығының ортақ мерекесі. Кешегі қан майданда ұрыс салған жауынгерлер, бүгінгі өнегелі соғыс және еңбек ардагерлерін құрметтеу, қамқорлық көрсету – бізге парыз. Ардагер көрген зұлматты бүгінгі ұрпақ ешқашан да көрмесін!

Құрметті ардагерлер, бейбіт өмір, ашық аспан үшін Сіздерге

алғысымыз шексіз! Сіздердің даңқты ерліктеріңіз, биік жауынгерлік рухтарыңыз бізге өнеге. Жеңіс күнінде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, елімізге тыныштық тілеймін!

Аға буынның ізін басып келе жатқан жас өреннің бойына отансүйгіштік пен патриотизмді сіңіру аса маңызды. Осы тұста биылғы жылдан бастап 7 мамыр – Отан

қорғаушы күні мемлекеттік мереке мәртебесіне ие болды. Әскер қатарында жүрген еліміздің жігерлі жастарын, әскери қызметкерлер мен ер-азаматтар қауымын мейрамдарымен құттықтаймын!

Бүгінгі жас өрен ардақты ардагерлерді мақтан тұта отырып, Отан алдындағы борышын бар жан-тәнімен сезініп өссе екен деп тілеймін!



Я – ПАТРИОТ КАЗАХСТАНА

Под таким девизом 6 мая прошел диспут, организованный студенческим научно-поисковым клубом «Память поколений» на базе музея университета. Открыл заседание клуба директор Департамента по науке и инновационной деятельности Тасибеков Х.С. Он поздравил курсантов военной кафедры во главе с их наставником подполковником Суяндиновым К.Е., студентов, магистрантов кафедры энергоэкологии, которые составляют инициативное ядро клуба, и всех с праздником Днем защитника Отечества и Днем Победы!

В этом году впервые в Казахстане 7 мая – День защитника Отечества стал красным днем календаря. Этот праздник поможет поднять статус военной службы в стране, создаст условия для нравственного воспитания подрастающего поколения в духе патриотизма, любви к своей Родине, ее богатому историческому наследию.

Ознакомление с экспозицией «Университет в годы ВОВ», презентация «68-лет Великой Победы!», выставка книг и фотодокументов по патриотическому воспитанию, подготовленная

экскурсоводом Джабыкпаевой А.Ж. и сотрудниками музея, создали хороший настрой, атмосферу открытости, диалога в состоявшемся диспуте.

Ребята с уверенностью и энтузиазмом, используя примеры из жизни, доказывали, что патриотом можно быть и в мирное время. Патриотизм начинается с семьи, с уважения к старшим, к преподавателям и своему университету, к выбранной профессии.

Быть патриотом – значит соизмерять себя с пульсом активной и многогранной жизни нашей страны,

осознать свою роль в устойчивом развитии современного Казахстана. Быть патриотом значит гордиться своей страной, быть конкурентоспособным, быть нужным обществу.

Диспут завершился демонстрацией музейной экспозиции «Земля XXI века», основная идея которой в том, что мир и согласие на планете – дело рук Молодых!

Тамара ТАЖИБАЕВА,
Руководитель Клуба
«Память поколений»

Отан қорғау – қасиетті борыш

Өлемнің 60-тан астам елі қатысқан адамзат тарихындағы ең ауыр соғыстың, еліміз үшін Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 68 жыл өтті. 2 миллионға жуық қазақстандық қатысқан сұрапыл соғыстың жарасы әлі күнге ел жүрегін сыздаатады. Қыршынынан қиялған қаншама жас өмір майдан даласында үзілді. Ел үшін жан пида болған олардың өшпес ерлігі отансүйгіштіктің теңдессіз үлгісі болды. Ортамызда жыл сайын азайып бара жатқан соғыс және еңбек ардагерлерін қадір тұтып, құрметтеу, ал қаза тапқандарға тағзым ету – бүгінгі ұрпақ, біздің міндетіміз. Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің барша жетістіктері ардагерлер сыйға тартқан бейбіт өмірмен байланысты. Ардагерлерге шын жүректен алғыс білдіре отырып,
(Жалғасы 4-бетте)

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

«СОВЕТ ВЕТЕРАНОВ ВОВ, ТРУЖЕННИКОВ ТЫЛА И ДЕТЕЙ ВОЙНЫ»



4-бет

МАЙДАНГЕРЛЕР МӘҢГІЛІК ЕСІМІЗДЕ



6-бет

ИНОСТРАННЫЕ СТУДЕНТЫ КАЗНУ ПОСАДИЛИ ДЕРЕВЬЯ



8-бет

Бүгінгі таңда ҚазҰУ студенттерінің мүмкіншілігі зор. Білім іздеген тәлімгерлеріміз тек отандық қана емес, халықаралық конференцияларға қатысып, мол мағлұмат, тәжірибе жинауына, біліктілікке үйреніп, үздік маман болып шығуына жол ашық. 6 мамырда өткен ректорат мәжілісінде ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы студенттерді марапаттау барысында осылай деді.

Үздік атануға сара жол

Студент жетістігі – университет үшін ең үздік көрсеткіш, оқытушы үшін зор қуаныш екені талассыз. Үйретуден жалықпайтын ұстаздар қауымы қашанда шәкіртінің биіктерден көрінуін тілейді. Осы орайда Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы TengriNews сайтында берілген «Алматының үздік топ-100 студенттері» байқауының ба-сым көпшілігін құраған ҚазҰУ студенттерінің белсенділігін мақтанышпен жеткізді. Көшбасшы орыннан табылған студенттер жетістігіне ризашылық таныта отырып, оқытушылар қауымы Оқу-әдістемелік басқарма бастығы Берік Бахытжанұлының жазғы емтихан сессиясына дайындық жөніндегі хабарламасын талқылады. Студенттердің өткен жылғы және биылғы емтихан мен

аралық бақылаулардағы көрсеткіштерін сараптай отырып, басқарма бастығы барлық факультеттердің жазғы емтиханға дайын екендігін, шпор қолданумен күрестің күшейтілгенін айтты. Осы тұста университет басшысы академик Ғалым Мұтанов факультеттерде таңдалған емтиханды ауызша немесе жазбаша түрде тапсыру жөнінде ескерту білдірді. Мамандықтардың кәсіби ерекшеліктерін назарға ала отырып, жазбаша емтиханға басымдық беру керектігін және бір жүйеге түсіруді тапсырды. Сондай-ақ ректор: «Студент санасына шпор қолданудың ғұмыры қысқа, алдамшы дүние екендігін сіңіруіміз қажет», – деді. Бұл қадамдар студенттің білім деңгейін объективті бағалауға жол ашпақ.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Байқауға баспагердің бағасы

Журналистика факультетінде Баспа ісі және дизайн кафедрасының ұйымдастыруымен кәсіби бағдар беру әрі дарынды оқушыларды іріктеу мақсатында дәстүрлі ІІІ Республикалық «Болашақ баспагер-редактор» байқауы өтті.

Байқауда республиканың әр облысынан келіп жастар өз бақтарын сынады. Қатысушы оқушылар баспалар тағайындаған бір жылдық шәкіртақылар мен бірнеше аталымдар бойынша өз таланттарын ортаға салып, додаға түсті. Байқаудың бар талабынан сүрінбей өткен Н. Сейтмағанбет, Б. Аймағанбет, А. Дауренова және А. Альбекова «Атамұра», «Көкжиек», «Алматыкітап», «Мектеп» баспалары тағайындаған біржылдық шәкіратқыны жеңіп алды. Ал, қалған үш аталым бойынша озып шыққан мектеп оқушылары алғашқы «Ең үздік әдеби редактор» аталымы бойынша Н. Сәйсенбаева, А. Ұзақбайқызы, Ә. Тұрарбеков, Ә. Сатанова, «Ең үздік түзеткер-корректор» аталымы бойынша Ф. На-

қысбек, А. Ергешова, М. Әбдірауышова, «Ең үздік безенші-дизайнер» аталымын М. Асылбек, А. Каналханова, Ә. Мейірхан, А. Исмағұлов пен М. Сайфолда иеленді. Шәкірттерінің байқауға белсене атсалысуын ұйымдастырған Қызылорда облыстық білім басқармасы, Алматы облыстық білім басқармасы, сондай-ақ Алматы қаласының білім басқармаларының басшыларына ҚазҰУ ректорының атынан алғыс хаты берілді және байқауға қатысқан 122 оқушылар мен дарынды балаларды дайындаған 28 ұстазға сертификат берілді.

Нұрлыайым ДАНАЕВА,
«Болашақ баспагер-редактор»
байқауының жауапты хатшысы

В Сингапуре прошел XXI генетический конгресс. 1021 делегат представляли 58 стран мира. В мероприятии приняли участие 6 делегатов из Казахстана, трое из которых являются работниками КазНУ им. аль-Фараби. Это преподаватели кафедры молекулярной биологии и генетики доценты Б.О. Бекманов, Л.Б. Джансугурова, Н.Ж.Омирбекова.

Конгресс

Какие вопросы волнуют генетиков планеты сегодня? На конгрессе обсуждали 47 направлений современной генетики. Особое внимание уделено проблемам онкогенетики, роли наследственности в заболевании диабетом второго типа, геномных технологий, генетики рака и геномики, стволовых клеток, кардиозаболеваний медицинской генетике метаболических болезней, устойчивости злаковых культур к факторам среды, терапии генетических заболеваний и многим другим.

Ученые университета представили следующие постеры: «Определение индивидуальных генотипов радиочувствительности и радиорезистентности

у населения, проживающего в районе бывшего Семипалатинского ядерного полигона», «Предрасположенность к раку и полиморфизм генов детоксикации ксенобиотиков, репарации ДНК, апоптоза и регуляции клеточного цикла», «Применение слабых мутагенов в селекции пшеницы».

Работа Конгресса показала, что исследования ученых нашего университета актуальны и соответствуют тенденциям мировой генетики.

Н.Ж. ОМИРБЕКОВА,
доцент кафедры
молекулярной биологии
и генетики, д.б.н.



Ұжымдық мәдениет пен бірлік университеттегі жалпы көңіл-күй мен қызметке тікелей әсер етері анық. Заманауи үздік маман даярлау үдесінен шығу үшін, ең алдымен, ұжымның кәсіби деңгейін бағалау маңызды. Осы мақсатта білім мен ғылымның қара шаңырағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Оқытушы әріптестер көзімен» атты сауалнама жүргізіліп келеді. Осы аптадағы кезекті ректорат мәжілісінде Әлеуметтанулық зерттеу және әлеуметтік инжиниринг орталығының директоры Гүлмира Серікқызы аталмыш сауалнама нәтижелерімен таныстырды.

Ұжымдық бірлік – биік кәсіби деңгей

Сауалнама 25 наурыз бен 5 сәуір аралығында он-лайн түрінде өтті. Биыл екінші жыл қатарынан жүргізіліп келе жатқан сауалнамаға қатысушылардың белсенділігі жылдан-жылға артып келеді. 2012 жылдың наурыз айында жүргізілген алғашқы этапқа қарағанда қатысушылар саны 7 пайызға артқан. Сауалнамаға барлығы 62 кафедра қатысып, жалпы университеттің 61,08 пайызын қамтыған. Дене тәрбиесі және спорт кафедрасы, қазақ филологиясы кафедрасы, орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті кафедрасы, мемлекеттік тіл кафедрасы, жалпы және бейорганикалық химия кафедрасы белсенділік танытқан ұжым ретінде аталып өтті.

Әріптес бағасын білу әрі әріптеске шынайы баға беруді жүктеген сауалнама қорытындыларын көпшілік назарына ұсынған орталық директоры барлық талаптар бойынша «5» деген жоғары көрсеткішке ие болған 279 оқытушының тізімін қоса ұсынды. Сондай-ақ 3,7-

ден төмен алған оқытушылар тізімі де тыс қалған жоқ. Ендеше, сауалнама әр оқытушының өзіне деген талабы мен жауапкершілігін еселендіре түспек. Ал жалпы университет бойынша көрсеткіш 4,6-ны құрап отыр.

Осы орайда өз тұжырымдарымен бөліскен Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызы оқытушы профессорлар қауымы алғашқы жылмен салыстырғанда әділетті баға берудің маңыздылығын түсініп, белсенділігі артқанын айтты. Сонымен қатар проректор қосымша істеуші оқытушыларды сауалнамаға жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сын болмаса ешуақытта мін түзелген емес. Алайда сынның да түзу болғаны қажет. Осы тұста әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары өзіне де, өзгелерге де сын көзбен қарайтындығын, биік ұжымдық кәсіби деңгейін танытып отыр.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Халықаралық жәрмеңке

Алматыда ұйыдастырылған Орталық Азиядағы туризм саласының ірі халықаралық жәрмеңкесіне әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың рекреациялық география және туризм кафедрасы қатысып қайтты. Жаңа қызметтер мен келісімшарттармен айырбас алаңында кафедра аталмыш жәрмеңкеде өзінің ғылыми саладағы жетістіктерімен бөлісті. Мұнда кафедраның 2013 жылы Дүниежүзілік туристік ұйымның «TedQual туристік білім беру» сапасының сертификатын иеленгені жайлы айтылды. Ұлттық туристік Әкімшіліктер, ірі отандық және халықаралық туристік компаниялар қатысқан халықаралық жәрмеңкеде кафедра ғалымдары тарапынан соңғы жылдары жарық көрген оқулықтар, электронды оқу құралдары және буклеттер қойылды. Көрмеге Еуропа, Таяу шығыс, Тынық мұхит және шығыс Азия (ШАТА), алдыңғы Азия мемлекеттері қатысты. Кафедра студенттері «Abacus Central Asia» брондау жүйесінің еріктілері қызметін атқарды. Бұл ауқымды

іс-шараға еліміздегі отандық мекемелер де атсалысты. Атап айтсақ: Индустрия және жаңа технология министрлігінің туризм индустриясы комитеті, Алматы қалалық әкімшілігінің туризм департаменті, «Тулнар тур», «KazTour», «Отырар travel» турфирмалары және облыстық туризм департаменттері ақпараттық бағытта стендтері көрерменнің көзайымы болды.

Бұл жәрмеңке біздің бітіруші түлектерге туристік фирмаларда жұмыс орнын табуға көмектесетіні анық. Сонымен бірге еліміздегі турагенттік және туроператорлық компания өкілдерінің шетелдік әріптестермен келіссөздер жүргізу, сонымен қатар қазіргі заманғы туризм нарығында жаңа тенденцияларды анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай іс-шаралар кафедраның беделінің артуына, танылуына септігін тигізетіні сөзсіз.

А.Ш.ШАКЕН,
доцент А.С. АҚТЫМБАЕВА
Рекреациялық география және
туризм кафедрасы

2013 жылдың 10 мамырында көрнекті ғалым, химия ғалымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, ҚР ғылымына еңбек сіңірген қайраткері Еренғайып Мәлікұлы Шайқұтдінов 80 жасқа толады.

Е.М. Шайқұтдінов ~ 80 жасста

Е.М. Шайқұтдінов Солтүстік Қазақстан облысы Пресновод ауданы Октябрь ауылында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1951 жылы орта мектепті алтын медальмен бітірген соң ол М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу нәзік химиялық технология институтына (МНХТИ) оқуға түседі. 1956 жылы институтты төмемдаған жас маман Қарағандыдағы жасанды каучук зауытына жіберіліп, бұл жерде цехтың ауысым бастығы болып 2 жылдай жұмыс істейді. 1958 жылы Е.М. Шайқұтдінов өзі түлеп ұшқан МНХТИ-дың аспирантурасына түседі.

Еренғайып Мәлікұлының ғылымға машықтануы аса көрнекті ғалым, КСРО ҒА корреспондент-мүшесі А.Н. Башкировтың ықпалымен қалыптасады. Кандидаттық диссертациясын табысты қорғаған жас ғалым 1963 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-да жаңадан құрылған жоғары молекулалық қосылыстар химиясы кафедрасына шақырылады. Сол уақыттан бері қай жерде қандай қызмет атқарса да Е.М. Шайқұтдіновтың осы кафедрамен байланысы үзілген емес.

1978 жылы Е.М. Шайқұтдінов

В.И. Ленин атындағы ҚазПТИ-дың проректоры болып тағайындалды. 1992-2000 жж. аралығында Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың ректоры болып қызмет істеді. 2001 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың мұнай және газды қайта өңдеудің химиялық технологиялары және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технологиясы кафедраларының профессоры.

Ол ҚР ҰҒА химиялық-технологиялық ғылымдар бөлімінің бюросы құрамына кіретін Халықаралық шығармашылық академиясының құрметті вице-президенті. Еренғайып Мәлікұлы Алматы қалалық Ардагерлер кеңесін басқарып, сол арқылы қаланың аға өкілдеріне қатысты маңызды әлеуметтік функциясын белсенді жүзеге асыруда. Ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша Тәртіптік Кеңесінің мүшесі болып табылады.

Е.М. Шайқұтдіновті Қазақстандағы жоғары молекулалық қосылыстар химиясының негізін салушылардың бірі



деп айтуға толық негіз бар. Оның химия мен химиялық технология мамандарын дайындау ісіне қосқан еңбегі зор. Оның қажырлы еңбегінің нәтижесінде, халықаралық деңгейде танылған жоғары молекулалық қосылыстар химиясы саласында әлем ғалымдары арасында іргелі және қолданбалы зерттеулері бар танымал ғылыми мектеп қалыптасты. Дәл осы саладағы әлемдік рейтингте қазақстандық ғылыми топтар алдыңғы орындарда тұр. Бұл тұрғыда әлемдегі экономикасы мықты дамыған елдердегі жетекші ғылыми топтардан еш кем түспейді. Осыған байланысты айта кететін бір жағдай, барынша беделді және әлем мойындаған Thomson Reuters ақпараттық компаниясының деректері бойынша, ҚР ҰҒА академигі Е.М. Шайқұтдінов құрған, әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ-дың полимерлер мектебінің үш бірдей өкілі соңғы бес жылдың бедерінде интерполимерлік комплекстер саласындағы әлемдегі барлық ғалымдар мен мамандар арасында алғашқы үш орында тұр.

Академик Е.М. Шайқұтдіновтың басшылығымен 40 кандидаттық және 10 докторлық диссертация қорғалды. Ғалымның көп жылғы зерттеулерінің нәтижелері 700-ден астам еңбегінде, оның ішінде 8 монографияда, 6 оқулықта, 600-ден астам мақалаларында, КСРО-ның 118 авторлық куәліктерінде, Қазақстан Республикасының патенттерінде және алдын ала патенттерінде жарық көрді.

Жемісті жүргізген ағартушылық, ғылыми және қоғамдық қызметтері үшін академик Е.М. Шайқұтдінов «Құрмет», «Парасат» және «Барыс» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Астана» медальдарымен, білім және педагогика ғылымы салысындағы ерекше еңбегі үшін Ыбырай Алтынсарин атындағы медалімен, КСРО жоғары және орта арнаулы білім беру министрлігінің «Жұмыстағы үздік жетістігі үшін» төсбелгісімен, ҚазССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамоталарымен марапатталды. 1991 жылы оған «Қазақ ССР ғылымдарының еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шайқұтдінов Еренғайып Мәлікұлының 80-жылдық мерейтойымен құттықтап, мықты денсаулық, бақыт және Қазақстан ғылымы мен жоғары мектебінің дамуына ықпал ететін шығармашылық табыс тілейді.

Г.А. Мун, профессор;
П.И. Үркімбаева, доцент



Тиыштық Хәкім қызының барлық өмір жолы ҚазҰУ-мен тікелей байланысты. Еңбек жолын 1968 жылдан «Есептеуіш машиналар» зертханасында математик-программистен бастап, белгілі доцент атағына дейін қызмет атқарып келеді.

Осы жылдары университеттің барлық мамандықтарына Программалау, Ақпараттық технологиялар, Информатика негіздері және есептеу техникасы, Компьютерлік өңдеу, Компьютерлік өңдеуді ғылыми зерттеулерде қолдану пәндерінің жалпы курсынан мемлекеттік тілде дәріс оқып, оқулықтар, әдістемелік құралдар жазып, барлық күш-жігерін шәкірт даярлауға арнап келеді. Еңбегінің жемісінің куәсі – «Информатиканы оқытудың теориясы және әдістемесі» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертациясын қорғауы. Ұзамай осы

«Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы да бекітілді.

Осы салада 88-ден аса ғылыми мақала, оқулықтар, оқу құралдары өртүрлі баспаларда жарияланды. Олардың 28-і оқулық (соның 16-сы мемлекеттік тілде жазылған), 11-і электрондық оқулық әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кітапханасында тіркелген.

Тиыштық Хәкімқызының үздік танымап шәкірттері алуан мамандықтар бойынша Қазақстан Республикасының түпкір-түкпірінде және шет мемлекеттерде әр салада қызмет атқарады. Мыслы: Бельгия елінің елшісі Е.Утембаев (э.ғ.д.), экономика және бизнес Жоғарғы мектебі деканының орынбасары Л.Бимендиева (э.ғ.к.), механика-математика факультетінің ғы-

лыми хатшысы Л.Оразбекова (п.ғ.к.), «Қазақстан» телеарнасының тілшісі Қ.Әуесбай, «Хабар» телеарнасының тілшісі Р.Кертаев, т.с.с.

Ұрпақты тәрбиелеу және білім саласында сіңірген еңбегі үшін ҚР Ғылым және білім министрлігі Құрмет грамотасымен марапаттаған Тиыштық Хәкімқызы еңбекқор, ұжымда сыйлы, абыройлы, шәкірттері білікті. Еңбек жолында да білімін жетілдіріп отырады. Оның бір мысалы ағылшын тілінде меңгеріп, шет тіліндегі семинар-тренингтерге қатысып, сертификаттар иеленген.

Тиыштық Хәкім қызы ұстаздықпен қатар келін түсіріп, немере сүйіп отырған аяулы да ардақты ана. Ұлы Майлен мен келіні Ильмира механика-математика факультетінің түлектері. Немерелері Арстан Қазақ Британ Техникалық университетінің «Ақпараттық жүйелер»

мамандығы бойынша магистрін бітіріп осы салада қызмет атқарады. Карина экономика мамандығы бойынша Кипрдің Халықаралық университетінде дәріс алуға.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультетінің информатика кафедрасының ұжымы ұлағатты ұстаз, әдіскер, ғалым Тиыштық Хәкімқызын мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, еңбекте шығармашылық жетістіктер, жаңа ұрпаққа білім беру саласында зор табыстарға жетуіне тілектестік білдіреді.

Б. УРМАШЕВ,
ф-м.ғ.к., доцент,
механика-математика
факультетінің
информатика кафедрасының
меңгерушісі

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Қостанай өңірі Обаған өзені бойындағы Қайранкөл жағасында Қара-Оба ауылында 1943 жылдың 9 мамырында Хәкім атаның отбасында қыз бала дүниеге келді. Елімізде бейбітшілік орнап, сұрапыл соғыс тезірек аяқталып, халқымыз бақытты өмір сүрер ме екен деген үмітпен қызына Тиыштық деп есімін қойып, Хәкім ата майданға аттанып кетті. Екі жылдан кейін жеңіспен жанұясына аман-есен оралып, еңбекке араласты. Тиыштық пысық болды. Мектепте өте үздік оқыды, қоғам жұмыстарына да белсенді араласты. 1960 жылы оныншы сыныпта оқып жүргенде Қостанай қаласында “Бірінші облыстық математика пәнінен оқушылар олимпиадасының жүлдегері” атағын алды. Осы жылы Қара-Оба орта мектебін күміс медальмен аяқтап, С.М.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне түсіп, математика мамандығы бойынша 1965 жылы бітірді.

9 мая – День Победы советского народа в Великой Отечественной войне 1941-1945 г.г.

Отан қорғау — қасиетті борыш

(Соңы. Басы 1-бетте)

олардың лайықты өмір сүріп, құрметке бөленуіне баршамыз атсалысуымыз керек. Осы тұста мейрам қарсаңында ардагерлерімізді құттықтай отырып, олардың бірқатарынан сыр тарттық.

Сондай-ақ Жеңіс күні қарсаңында тойланатын 7 мамыр — Отан қорғаушы

күнінің маңызы мен мәніне арналған оқырман пікірін қоса ұсынуды жөн санадық. Себебі, Ұлы Жеңіс — ұрпаққа аманат. Аға буынның жанқияр ерлігінен өнеге алған бүгінгі саналы ұрпақ қайсарлық пен ержүректіліктің жалғасы болмақ.

Жолмұхан ТҮРІКБЕНҰЛЫ,

Еңбек ардагері, ҚазҰУ-дың Соғыс және еңбек ардагерлері қоғамы төрағасының орынбасары:

Соғыс басталғанда бала едік. Алғаш мектеп табалдырығын аттаған болатынмын. Ол кезде мұғалімдер тек ер адамдар еді. Олар Отан қорғау үшін майданға аттанды. Осылай, мектеп үзіліп қалды. Ауылда қалған кемпір-шал, әйелдер, бала-шаға — бәрі қырман дала-сында еңбектенді. Майданға жауынгерлерімізге күш берсін деп азық-түлікпен қоса Жеңіске деген үкілі үмітіміз бен сенімімізді қоса жібердік. Жұмысқа жарайтын барша жан бел жазбай еңбек етті. Күндіз мал бағып, шөп жинап, масақ теріп, қырманда болсақ, түнде жауынгерлерге арнап қолғап, шұлық тоқыдық.

Ол кезде әрбір жанға бекітілген норма

болды. Егер орындасақ, еңбек кітапшаңа 1 дел белгі соғады. Оны тамақпен төлейтін. «Натурплата» дейтінбіз.

Әрине, соғыс аяқ астынан басталды. Алапат соғыс болды. Тылдағы еңбек те өте ауыр болды. Тіпті, ауыстыратын киім жоқ. Кешкісін жуып қойып, таңертең сол киімді қайта жұмысқа киетінбіз. Алайда елдің рухы, ауызбіршілігі мықты еді. Құл қыламыз дегенге кім көнсін?! Халық қаһармандық танытты. Әр заманның өз қиындығы болады. Сондықтан бүгінгі ұрпақ күнделікті күйбең тіршіліктің қамымен дүниеқорлыққа берілмей, ел болып қалуды, тілді сақтауға екен. Халық болып тұру үшін бірлікте болсақ екен.



Отан қорғаушының даңқы әрқашанда арта берсін!

7 мамыр — Отан қорғаушылар күні. Батырлық пен қайсарлықтың мерекесіне осындай мәртебе беру жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде аса маңызды. Бұл әскеріміздің мәртебесін арттырудағы үлкен қадам деп есептеймін. Әрі бұл мерекенің Жеңіс күні қарсаңында тойлануы өте орынды. Бұл мереке ата-бабамыздың жауынгерлік дәстүрін, ұрпақтар сабақтастығын сипаттайды.

Сондықтан бұл мерекені кең ауқымда атап өту бәрімізді қуантады.

Біздің әскеріміз әлі жас. Оның есеу жолында кедергілер аз болған жоқ. Әйтсе де, жылдан-жылға нық қадам басып келе жатқаны да даусыз.

1945 жылдың ұмытылмас көктеміндегідей халқына қалтқысыз қызмет ету эстафетасын аға ұрпақ өкілдері жас қазақстандықтарға ұсынды. Әскер қатарында біздің аға-інілеріміз қызмет

етіп жатыр. ҚР Қарулы Күштерінің қызметкерлері ата-бабаларының даңқты дәстүрін жалғастырып, табандылықпен, ерлікпен өз халқының бейбітшілігін қорғауда.

Құрметті әскери қызметкерлер! Сіздерге әрқашан да мықты денсаулық, жан сергектігін, игілік, сәттілік тілейміз!

Әскерилер барлық әскери ғылымды игеріп, Қарулы Күштердің қатарында өзара сыйластық пен достық, бәсекелестік, патриоттық сезім орнықса екен. Отан қорғаушының даңқы әрқашанда арта берсін! Жеріміздің шетін ешқашан жауға алдырмаңыздар, таптатпаңыздар дегім келеді. Қарулы күштеріміз мықты да, айбынды болса, ел еңсесі биік болмақ!

Мөлдір ҚҰМАШЕВА, филология, әдебиеттану және өлем тілдері факультетінің 2-курс студенті

Ермекбаев Пернехан Әшімбайұлы,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, отставкадағы полковник, әскери арнайы ғылымдарының профессоры, техникалық ғылым кандидаты



Біздің Президентіміз Қазақстанда Қарулы Күштерді құру үшін 7 мамырда Жарғы шығарды. Енді 7 мамыр Қазақстан әскерінің мейрам күндері болып саналады. Отанды қорғау сана сезімді қажет етеді. Оның ең биігі, қасиеттісі — отансүйгіштік.

Отан қорғау — әр азаматтың борышы. Оның негізгі тіреуі — патриотизм. Елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілік ананың сүтімен беріліп, тәрбие негізінде кемелденеді.

Бүгінде елімізде Әскери доктрина бойынша дайындалған әскери резерв пен запастағы әскер тәжірибесі ендіріліп жүр. Олардың қатарына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саптық қордағы полковнигі Ерназар Ишанов басқарған

әскери кафедраны жатқызамыз. Әскери кафедрала тәжірибелі оқытушы профессорлық құрамы еңбек етіп келеді. Олар тәлімгерлер бойындағы патриоттық сезімді дамытып, шыңдауға аянбай күш салуда. Атап өтсек, полковниктер Сойкин Юрий Михайлович, Фридман Эдуард Константинович, Абсатов Марат Хамидоллович, Мешков Вячеслав Николаевич, Ельмухамбетов Аманғали Айтжанович, Шалдыбаев Зарлық Токаевич және тағы да көптеген офицерлер өз үлестерін қосып жүр.

Евгений Волков, участник ВОВ:

Я и мои сверстники росли в трудное время, когда порой не было даже хлеба. Но при этом нас воспитали стойкими и сильными духом мужчинами, которые уходили добровольцами на фронт. Мы любили свою Родину и хотели защитить ее. Нами двигало высокое чувство патриотизма.

Сегодня молодежь должна воспитываться в духе нового казахстанского патриотизма, как отметил в своем Послании Президент нашей страны. Поэтому большая ответственность лежит на преподавателях, которым необходимо не только обучать молодое поколение, но и каждый день прививать и развивать в них чувство любви к Отечеству, доброе отношение и уважение к старшим. Сейчас молодежь живет в процветающей стране, поэтому она должна гордиться этим и делать все во благо своей Отчизны, как когда-то это сделали мы — защитив ее честь.

*Слава тебе, победитель — солдат,
Ты прошёл через все испытания
Не ради чинов и наград,
А чтобы избавить людей от страдания!*

„СОВЕТ ВЕТЕРАНОВ ВОВ, ТРУЖЕННИКОВ ТЫЛА И ДЕТЕЙ ВОЙНЫ“

Мы родились и выросли в мирное время. Мы никогда не слышали воя сирен, извещающих о военной тревоге, не видели разрушенных фашистскими бомбами домов, не знаем, что такое нетопленное жилище и скудный военный паек.

Нам трудно поверить, что человеческую жизнь оборвать так же просто, как утренний сон. Об окопах и траншеях мы можем судить только по кинофильмам да рассказам фронтовиков. Для нас война — история...! В

знак благодарности за открытое небо, за наше счастье и будущее, за Победу от имени ОФ «Совета ветеранов ВОВ, труженников тыла и детей войны» просим всех желающих вступить вместе с дружной группой №201 физико-технического факультета в ряд волонтеров для оказания поддержки ветеранов ВОВ.

С.А. СЫЗГАНБАЕВА, ассистент кафедры ФПиКФ физико-технического факультета

Халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық қатынастар кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен Жеңіс күніне арналған «Армысың ардагерлер, даналарым» атты халық қалаулысы Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен мерекелік кеш өтті. Ақылдың кені – асыл қазынамыз ардагерлерді құрметтеу жастардың перзенттік парызы болмақ. Осыны есте ұстаған факультет студенттері ардагерлеріне құрмет көрсетті. Салтанатты шараға Ұлы Отан соғысының ардагерлері Олжабай Темірханов, Зулхарнай Сеитов, Бисултан Аманғалиев шақырылды.

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Отан соғысына қатысушыларға арналған шара сұрапыл соғыста опат болғандарды 1 минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Мерекелік бағдарламада студенттер соғыс тақырыбында қойылым қойды, соғыс жылдарындағы әндердің жиынтығын орындады. Студенттермен бірге ардагерлер мен ұстаздар соғыс жылдарындағы сүйікті әндерді еске алды. Олардың орындауында «Әлия», «Жаса, Қазақстан», «Көк орамал» сияқты әндер шырқалды. «Бұл мәңгілік әндердің әуенімен соғыс ұмытылып, махаббат еске түсті. Бұл әндерді тыңдап жанымыз жасарды. Бұл әндер жеңіске жетуге рух берген болатын», деді шараға қатысқан ардагерлер. Студенттер «Шығыс» аймақтық әскери қолбасшылығының сарбаздары Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және де 28 панфиловшылардың ерлігі жайында сыр шертетін презентация көрсетті.

Студенттер мен құрметті ардагерлер арасында тарихи әңгіме өрбіді. Ардагерлер көздеріне жас алды. Мәселен, Олжабай Темірханов: «Жеңіс – бұл қайтпас қайсарлықтың, ержүректік пен бүкіл халықтың майдандағы және тылдағы жаппай ерлігінің нәтижесі. Жеңіс

күнін біз көзімізге жас алып қарсы алдық. Ендігі арманым бала-шаға мен елімнің амандығы», - дейді. Ал Зулхарнай Сеитов: «Жер-дүниені дүр сілкінткен соғыс өртінің зардабы тимеген шаңырақ жоқ десе де болады. Бұл соғыстағы жеңісте қазақ халқы талай боздақтарынан айырылды. Біздің ерлігіміз сіздерге қашанда үлгі, өміріміз өнеге. Жеңіс күні мерекесімен баршаңызды құттықтаймын!», - деп толғанса, Бисултан Аманғалиев: «Сұрапыл соғыс жылдарының ауыр қасіретін де, өмірдің жақсысы мен жаманын да, оқ пен оттың тозағын да басымнан кешірдім. Еңбегім елеулі. Орден-медалдармен марапатталдым. Егемен елімізде ұрпақтарымыздың қызығын көріп отырмыз. Бізде ендігі бір тілек – балалардың көз жасы төгілмесін, еліміз тыныш, халқымыз аман болсын», - деген баталы сөзімен ой түйді.

Кафедра атынан ардагерлерге арнайы сыйлықтар тапсырылды. Кеш «Жеңіс күні» өнімен аяқталып, жиналған қауым ардагерлермен суретке түсті.

М. ЖАМБЫЛҚЫЗЫ,
халықаралық қатынастар
факультетінің оқытушысы

ЕШКІМ ДЕ УМЫТЫМАЙДЫ, ЕШНӘРСЕ ДЕ УМЫТ ҚАЛМАЙДЫ

Сәуір айының 29 жұлдызында физика-техникалық факультетінің «Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасының оқытушылары мен белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен Соғыс ардагері Иванов Михаил Селиверстовичті Жеңіс күні мерекесімен құттықтай барған еді.

Бүгінгідей мамыражай тыныш өмір аталарымыз қалыптастырған берік бірлік нәтижесінде келді. Әуеде – ұшқыш, жерде – танкист, теңізде – теңізші, окопта – әскер, блиндажда – байланысшы және тылда – еңбеккер – бәрі де Ұлы Жеңіс үшін оққа өз кеудесін тосты. «Отан» атты ыстық ұғым, тәтті сөз қарсы келген дұшпанға қаймықпай қарауға жігер берді.

Уақыт өткен сайын кешегі күндей күркіреп өткен сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары да арасын аулақ салып, алыстап барады. Бірақ қаншалықты алыстағанмен ол көңілден кетіп, жүректерден өшпек емес. Өйткені ол соғыс қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп, өмірін өксітіп кетті. Сол соғысты майданның алдыңғы шебінде жүріп басынан өткергендер де, солардың тілеуін тілеп, тылдағы бар ауыртпалықты иығымен көтерген ардагерлер де, соғыста ата-анасынан айырылып, жетімдік тауқыметін тартып өскендер де бүгінде арамызда жүр.

Зарықтырып, сағынтып жеткен ол Жеңісті жақындата түсуге майданның алдыңғы шебінде от пен оқтың ортасында болған майдангерлермен бірге тыл еңбеккерлері де, майдан даласынан шалғайдағы қарттар мен әйелдер де, буыны бекіп, бұғанасы қатпаған балалар

да үлес қосқан. Осындай аталарымыздың бірі - өзіміздің факультеттің түлегі, Соғыс ардагері Иванов Михаил Селиверстович. Ол кісі жаудың 3 лагерінде болып, қандай қиыншылықтар болса да мойымай, жаудан қашып шықты. Жараланса да, қайтадан әскер шебіне қосылып, елін жаудан қорғауға өз үлесін қосты. Қазірде жасы 88-ге келсе де, бойындағы күш-қайраты әлі де жеткілікті екені көрініп-ақ тұр. Бірақ біз барғанда сырқаттанып жатса да, ешқандай ауырғанын білдірмей, нағыз батырлығын көрсетті. Олай дейтінім, ауру жанына батса да, әрқайсысымыздың бетімізден сүйіп, алғысын білдіріп жатты. Өзінің жасаған батырлығын, ерлігін әлі келмесе де, бар ынтасымен айтуға тырысты. Сөйтсек, ол өмірімен қоштасқысы келмей жатқан соңғы сәті екен ғой... Бізбен тілдескен сәті ол кісінің соңғы күндерінің бірі екен. Мамырдың екісі күні ол жарық дүниемен қош айтысты.

Ер жігіттің құл болмай, ару қыздың күң атанбай, халықтың бірлікте өмір сүруі нақ осындай аталарымыздың арқасында!

С.Д. ЕРМАҒАНБЕТОВА,
Жылуфизика және
техникалық физика
кафедрасының оқытушысы

Священный праздник

В этот день мы вспоминаем павших и живых, воинов и мирных жителей – всех, благодаря кому ковалась Победа в Великой Отечественной войне, когда фашисту Родины, против захватчиков, поднялся весь советский народ и сумел отстоять право на мирное небо над головой.

Миллионы защитников ушли на фронт, на победу работали все – женщины, старики и дети. Память о трагических днях передается из поколения в поколение, и мы должны ее сохранить.

Мне хотелось бы рассказать удивительную историю моего дяди, Мырзабая Нурышева, родного брата моего папы Хусаинова Х.П., проработавшего в Казахском национальном университете более тридцати пяти лет.

Их было пять братьев – Мырзабай, Жумабай, Боранбай, Олжабай (ныне здравствующий) и Кабижан. Их отец, был репрессирован, мать Злиха вскоре умерла, а многочисленные родственники были депортированы в Хабаровский край (почему-то до сих пор историки умалчивают факты депортации

«западных» казахов в Хабаровский и Приморский край).

Когда началась Великая Отечественная война старший из братьев – Мырзабай, который в восемнадцать лет был уже директором школы в г. Гурьеве (ныне Атырау), был призван на фронт. С фронта он постоянно писал своим братьям, писал очень много стихов. Он, до войны не владеющий русским языком, стал писать стихи и рассказы о фронтовой жизни на русском языке и мечтал после войны стать учителем русского языка. В конце 1944 года средний брат Жумабай получил извещение, что ст. лейтенант Красной Армии Нурышев Мырзабай пропал без вести в боях за освобождение Польши.

Когда у Жумабая родился первенец, то он в честь своего пропавшего брата дал ему фамилию Мырзабаев. Мой двоюродный брат в течение многих лет тщетно искал в архивах хоть какие-нибудь сведения о своем пропавшем без вести «коке». И только став генерал-майором, и получив доступ к закрытым военным архивам, находя-

9 Мая – это священный праздник для каждого из нас. 68 лет минуло с тех пор, когда отгремели победные салюты и поверженные фашистские штандарты были брошены к стенам Кремля, позади были четыре года страданий и лишений, горечь утрат и поражений. Четыре года – это 1418 дней, 34000 часов и более 20 миллионов погибших людей. Если по каждому из них объявить минуту молчания, то мир будет молчать 38 лет.

щимся в городе Подольске Московской области, он обнаружил документы, подтверждающие, что ст. лейтенант Мырзабай Нурышев героически погиб за освобождение города Ярополк в Польше. К его удивлению, папка с делом его дяди, как и документы многих других солдат и офицеров, многие годы пылилась на полках архива. Сколько матерей, отцов, вдов ушли в мир иной, так и не узнав, где захоронены их родные!

Мой двоюродный брат нашел место захоронения Мырзабая в городе Ярополк, где стоял небольшой монумент с именами погибших советских солдат, кстати, там было много казахских фамилий.

В прошлом году одна из моих сестер вместе с племянницей, проживающей в Варшаве, накануне дня Победы решили посетить могилу своего дяди Мырзабая. Приехав в Ярополк, они быстро нашли небольшой монумент, но он оказался местом захоронения польских солдат. Полдня они тщетно искали захоронение советских воинов, пока один из пожилых поляков им не объяснил, что этот

монумент и есть место захоронения советских солдат.

Оказывается в связи с ухудшением отношений с Россией, особенно в последние годы, в Польше повсеместно начали сносить памятники советским солдатам. Жители же этого небольшого городка, помнившие о подвиге простых советских воинов, которые ценой своей жизни защитили их город, решили таким образом сохранить их место захоронения. Поэтому вместо таблички, что здесь захоронены советские воины, они установили табличку, что здесь захоронены польские солдаты. Небольшой монумент очень ухожен, у его подножия много цветов, и местные жители в день освобождения Польши от фашистов приходят поклониться к монументу, и рассказывают своим внукам, что здесь захоронены именно советские солдаты.

Так, простым людям удалось сохранить память о советских воинах, освободивших их городок.

О.Х. АЙМАҒАНБЕТОВА,
профессор кафедры общей и
этнической психологии

Студентка КазНУ Екатерина Кузьмичева завоевала путевку на международный конкурс «Мост китайского языка» в г. Пекин (КНР)

МАЙДАНТЕРЛЕР МӘНГІЛІК ЕСІМІЗДЕ

Бұл топта ерекше орынды көрнекті мемлекеттік және қоғам қайраткері, Қазақстандағы академиялық ғылымның негізін салушылардың бірі, бірінші қазақ академик-экономист, ғалым-энциклопедист, белгілі публицист, жүз жылдығы 2009 жылы Қазақстанның шығармашылық қоғамымен аталып өткен Бәйішев Сақтаған Бәйішұлы алады.

Бәйішев Сақтаған Бәйішұлы – 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында күресті, 100-атқыштар бригадасының әскери комиссары, бірлестіктің саяси бөлімінің бастығы, ЖШҚӘ Бас Саяси Басқарудың жауапты қызметкері болды. Рейхстагты жаулаған 3-соққы беруші әскер құрамында соғысты Берлинде аяқтады. Оның жауынгерлік қызметі I дәрежелі Отан соғысының Орденімен, медальдармен, үкіметтік мақтау қағаздарымен марапатталынды.

Соғыс кезеңінде алған әскери қызметі мен шені бойынша Сақтаған Бәйішұлын аға офицерлік қызметтер мен жоғары шенді қазақ халқының өкілдерінің қатарына жатқызуға болады.

Сақтаған Бәйішев экономика саласында ұлттық кадрларды оқыту мен тәрбиелеуде үлкен еңбек сіңірді. Ол Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетінің (оның негізінде Алма-Ата халық шаруашылық институты (қазіргі Т.Рысқұлов атындағы экономикалық университеті) экономистердің кең аясында педагогикалық қызметін (дәріс оқыды, семинар сабақтарын жүргізді, кеңес берді, дипломшы, ізденуші және аспиранттарға жетекшілік етті, докторанттарға кеңес берді) жүргізді. Экономикалық мәселелер бойынша 100-ден аса ғылыми еңбектің авторы.

Федор Алексеевич Жеребятъев – 1942 жылы Кеңес Армиясының қатарына шақырылды және Ұлы Отан соғысының күрестерінде шайқасты, алайда 1944 жылы денсаулық жағдайына байланысты соғыс майданынан қайтарылды. 1944 жылдан 1963 жылдары аралығында ҚазМУ-да жұмыс істеді және 1949 жылдан 1963 жылға дейін ҚазМУ экономикалық факультетінде декан қызметін атқарды. Ол саяси экономиканың ғана емес, сондай-ақ қазақ тілінің шебері. Қазақстан экономикасы мен тарихын, қазақ халқының тұрмыс-жағдайы мен салт-дәстүрін терең білуі арқылы құрмет пен атаққа ие болды. Қазақ тілін жетік білді, республикада саяси экономика бойынша дәрістерді қазақ тілінде оқығандардың бірі болды. Оның еңбектері Қазақстан қоғамымен, мемлекет тарапынан шынайы бағаланды. Екі мәрте Құрмет Белгісімен, төрт медальмен, үш мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамотасымен марапатталды, ҚазКСР Еңбек сіңірген экономистті құрмет атағы берілді.

Мажекен Есенұлы Бутин – экономика ғылымдарының докторы, профессор. 1957 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметін талдау кафедрасының ұйымдастырушысы мен негізін салушы болды. ҰОС-ның қатысушысы. «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында қажырлы еңбегі үшін» ме-

Ұлы Жеңістің 68 жылдығына орай 1941-1945 жылдары соғыс майданында өздерінің жауынгерлік ерліктерімен Отан қорғауға үлес қосқан экономика ғылымының көрнекті ғалымдарын, ұстаздарын еске аламыз. Кеңес адамдары арасында экономикалық факультеттің оқытушылары да 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына белсенді қатысты. Соғысқа қатысқандар: біздің факультетіміздің бірінші деканы Жеребятъев Федор Алексеевич, жаратылыс факультетінің саяси экономика кафедрасының меңгерушісі Пуриц Виктор Наумович, саяси экономика кафедрасының доценті Мордовин Василий Георгиевич, доцент Қанатбаев Егізбай Қанатбайұлы.



дальмен, I дәрежелі Ұлы Отан соғысының орденімен, екі Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. Қазақстанның еңбек сіңірген экономисті.

Қазақстанның саяси экономистері өкілдері арасында айрықша орынға экономика ғылымдарының докторы, профессор, 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысының белсенді қатысушысы – Виктор Наумович Пуриц ие. 1941 жылдың шілде айында өз еркімен майданға аттанады.

Брянск майданының байланыс полкінің 65-бөлімінде әскери борышын өтеді. Орлов облысындағы шайқастарда ауыр жаралануынан көз жанарын біраз уақытқа жоғалтты. 1942 жылдың қаңтарында санитарлық пойызбен Алма-Атаға емделуге келді. 1943 жылдың қазан айында Виктор Наумович әскерге қайта шақырылды. Белсенді өмір салтын ескере отырып, басшылық оны 376-полктің ботальон комсоргі етіп тағайындады. Осыдан соң 1945 жылы Вязьм-Полоцк ауданында дивизиялық газеттің жауапты хатшысы болып тағайындалды, бұл жерден 1945 жылдың қарашасында әскерден қайтты.

Алматыға оралған соң, жұмыс істей жүріп, оқуын жалғастырды. 1951 жылдан 1993 жылға дейін В.Н. Пуриц бұрынғы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде саяси экономикадан дәріс берді.

Осы жылдар аралығында ол қатардағы оқытушыдан профессор, экономика ғылымдары докторы, жаратылыстану ғылымдары саяси экономика кафедрасының меңгерушісіне дейінгі жолды жүріп өтті. Бұл аралықта Виктор Наумович саяси экономика кафедрасының доценті мен профессоры, саяси экономика кафедрасы меңгерушісі

мен факультет деканының орынбасары, экономика факультетінің сырттай оқу бөлімінің деканы қызметтерін атқарды. Кәсіби журналист бола отырып, В.Н. Пуриц экономика ғылымының күрделі әрі қызықты саласы саяси экономикаға ден қойды. Осы үшін ол ҚазМУ-дың экономика факультетінде екінші жоғары білім алды. Ол толықтай фундаметалдық теорияға беріліп, педагогтардың сол кездегі тамаша буынына сіңісе білді. Солардың арасында Қазақстандағы саяси экономиканың жоғары білікті оқытушылары академик С.Б. Бәйішев, академияның корреспондент-мүшесі С.Толыбеков, профессор С.А. Нейштадт болды.

Ғылыми зерттеулер мен педагогикалық қызметтегі осындай ерекшелігінің арқасында ол 50-ге жуық экономика ғылымдарының кандидатын дайындады, оның бірқатар шәкірттері экономика ғылымдарының докторы дәрежесіне жетті.

Жоғарыда аталғандар Виктор Наумович Пурицтің ҰОС кезінде алған жарақаттарына қарамастан, ғылыми-зерттеу және педагогикалық майдандағы жанқияр күресушісі екенін көрсетеді. Осы қасиеті арқылы ол соңына кітаптары, мақалалары және оқулықтары мен игі істерінің бай мұрасын, өзінің жарқын бейнесін қалдырды.

Мордовин Василий Георгиевич – 1920 жылдың 12 ақпанында Алтай аймағында, Егоров ауданының Лебяжье селосында дүниеге келген. 1936 жылы ата-анасымен Алма-Атаға көшіп келеді. Осында орта білім алып, Мәскеудегі несие-қаржы институтына оқуға түседі де, оны Ұлы Отан соғысының басында бітіреді. Осыдан кейін әскерге қатардағы жауынгер ретінде кетіп, лейтенант шенімен оралады.

Василий Георгиевич майданның алғы шебінде шайқасты. Отан алдындағы қызметі үшін Ұлы Отан соғысы орденімен және басқа да жауынгерлік және үкіметтік марапаттармен марапатталған. Прибалтикадағы шайқастар аса ауыр болды, осы жерде ол екі рет жараланды, соның бірі ауыр жарақат еді.

1946 жылы соғыс аяқталған соң, Мәскеу мемлекеттік университетіне аспирантураға оқуға түседі. Алма-Атаға оралған соң, екі жыл кооперативтік техникумның оқытушысы болып қызмет етті, 1950 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Қазақ мемлекеттік университетінде жұмыс жасады. Осы жылдарда кандидаттық диссертациясын қорғап, доцент дәрежесін алды. Өзінен кейін әдістемелік және ғылыми жұмыстар және де талантты шәкірттерін қалдырды.

Никитинский Сергей Клавдиевич – экономика ғылымдарының кандидаты, ҚазМУ доценті, тамаша педагог және ұстаз, ҰОС ардагері, ұшқыш-сынғаршы, I дәрежелі Отан соғысы ордені мен жауынгерлік ерліктері үшін медальдармен марапатталған.

Қанатбаев Егізбай Қанатбайұлы – э.ғ.к., ҚазМУ доценті, 40 жылдан астам осы университетте қызмет етті, ҰОС ардагері, II дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген мерейтойлық медальмен марапатталған. Оның қаламынан экономикалық теория, экономикалық ғылымдар тарихы бойынша тамаша аудармалар шықты.

Әубәкіров Яхия Әубәкірұлы – э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі, ірі экономист-ғалым, 20 жылдан астам Қазақстан Республикасының жетекші экономика кафедрасының меңгерушісі болды. Өзінің жарты ғасырдан астам ғұмырын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қызметке арнады. Соғыс жылдарында жеті жылдық мектепте мұғалім болды, 1944-1946 жылдары Кеңес әскерінің қатарында қызмет етті, еңбек майданының ардагері.

Р.С. Ұлы Отан соғысының 68 жылдығы Жеңіс тойын тойлай отырып, майданға тағы бір мәрте ержүрек офицерлер мен солдаттарды, құрметті ұстаздарымызды еске аламыз. Оларды өз халқы мен кәсібіне шексіз адалдықтың үлгісі ретінде көріп, ұрпаққа болашақ қызметінде дұрыс таңдау жасауларына жол сілтейді деп білеміз. Ардагерлеріміз ҰОС-нан кейін қай салада еңбек етсе де, кез келген майданға қатысушының еңбегі өлшеусіз. Біз бүгін өзіміз еңбек етіп жүрген кафедра тарихының жеңіске үлес қосқан ардагерлер жайлы сыр шерттік. Ардагерді бөле қарау емес, қолда бар тарихты оқырманға жеткізу. Әр майдангерлеріміздің есімдері мен істері халықтың жадында мәңгілік қалады.

**Е.Б. ЖАТҚАНБАЕВ,
Ж. Я. ӘУБӘКІРОВА,
Р.Т. ДУЛАМБАЕВА**
экономика кафедрасының профессорлары

Шетелдік студенттер «Green campus» жобасы аясында ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ғимаратының маңында ағаш отырғызды

Жеңіс мерекесінің ел өмірінде алатын орны өзгеше. Адамзат тарихында алтын әріппен жазылып қалатын «Ұлы Жеңіс» жыл өткен сайын құрметпен аталып, даралана бермек.

ҰЛЫ ЖЕҢІС ҰРПАҚҚА АМАНАТ!



Ұлы Отан соғысынан соң қаншама арман мен үміт ұрыс даласында жер бауырлап қалды. Әр жеңістен соң ана-ның көзінен аққан жас омырауда қақ болып қатты. Қырманда суырылған әр дән аталардың жауға қарсы кезенген қаруына оқ болып еніп, жауға қарсы атылды.

«Елдің көркі ерімен, Отан көркі жерімен» дегендей, ел басына қатер төнген жылдары кеудедегі шыбын жаны шыққанша жаумен жаға жыртысқан батыр аталарымыз аз емес. Олар ең алдымен ұлты үшін, халық үшін жанын құрбан еткен жандар. Жыл өткен сайын қатары азайып бара жатқан майдангер аталарымыздың есімдері ұмытылмай,

келер ұрпақтың есінде жатталуы тиіс. Жауынгер ерлігі мен ерен еңбегі ешқашанда ұмытылмайды.

Бүгінгі ұрпақ осынау ержүрек ерлердің алдында мәңгілік қарыздармыз. Бүгінгідей айтулы мереке күні өздеріңізге зор денсаулық, жарасымды көңіл-күй, баянды бақыт, отбасыларыңызға берекебірлік, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Ауыр күндердегі әр үшін бас иіп алғыс білдіреміз! Сол үшін де бақыттымыз!

Мансия АСЕМБАЕВА,
жылуфизика және
техникалық физика
кафедрасының доценті

Ардагерлерімізді ардақтайық



Аға ұрпақтың өшпес ерлігімен, қанымен, орасан зардаптарымен келген Ұлы Жеңістің маңызы қашанда ерекше. Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды. Біздің Отанымыз үшін өмірлерін құрбан еткендердің саны жылдан-жылға азайып барады. Оларға деген құрмет пен ізгі алғысымызды ұмытпау – біздің басты парызымыз. Отан үшін от кешкен аға буынның, жеңіс күнін жақындатқан майдангерлердің қаһармандығы, асқан патриотизмі болмаса, бүгінгі тәуелсіздікке жетуіміз де қиын болары ақиқат. Сондықтан да «Біз жеңімпаз ұрпақтың жалғасымыз» деп мақтаныш етеміз. Ағалар ерлігі – жастарды отансүйгіштікке

тәрбиелейтін ұлағатты мектеп.

Осыдан 68 жыл бұрын адамзат тарихындағы ең ауыр және қанды соғыстың соңғы оқтары атылды. Содан бері 1945 жылдың 9 мамыры жұртшылық жадында біздің халқымыздың ерлік үлгісі, мұқалмас қажырлығы мен мызғымастығының символы болып келеді. Отан қорғаушылар жасаған ерліктер мәңгілік және соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғына түсудеміз. Сондықтан да халық ұзақ күткен Ұлы Жеңісті жақындатуға майданда да, тылда да жанқиярлықпен күреске түскендердің барлығы айырықша құрметке ие, қаза тапқандардың рухына тағзым етеміз.

Әйгерім БИМҰРАТОВА

На филологическом факультете прошла интеллектуальная игра

«Что? Где? Когда?»

Подобное мероприятие проводится не в первый раз, ведь история ставших традиционными игр насчитывает более 10 лет. Данный кружок под руководством профессора кафедры социологии Михаила Федоровича Пузикова в очередной раз собрал студентов, жаждущих познать что-то новое и интересное, научиться работать в команде и просто полезно провести время.

За звание знатоков боролись команда социологов и дебютанты игры-студенты филологического факультета. За отведенные на каждый вопрос 10 секунд команды должны были дать правильный ответ, причем вопросы касались самых разных областей знаний: социологии, истории, философии, литературы и др.

Увлекательный ход игры никого не оставил равнодушным. Нестандартные вопросы вызвали ответное бурное чувство их разгадать. Таким образом,

совершенно незаметно приблизился и исход игры. С незначительным перевесом победу одержала команда социологов.

Лучшим игроком была названа Мадина Абдирахманова, студентка 1 курса факультета философии и политологии. Наиболее активные студенты получили памятные подарки в виде личных книг Михаила Федоровича.

Довольные игрой студенты проявили инициативу проводить подобные мероприятия чаще. Ведь такие «интеллектуальные собрания» способствуют всестороннему развитию, расширяют кругозор и учат мыслить.

Камилла ИСМАИЛ-АХУНОВА,
студентка 2 курса
факультета филологии,
литературоведения и
мировых языков

Жаны жайсаң жан



Профессор **Раушангүл Авакованы** 2-курс оқып жүрген кезімде біздің курсқа «Тіл біліміне кіріспе» пәні бойынша дәріс оқыған кезінде алғаш көрген едім. Тілдердің пайда болуы, тілдердің топтарға бөлінуі, тілдің қызметі, тілдердің араласуы туралы дәрістері әлі есімде, өйткені ол дәрісті қызықты мысалдармен пысықтап, аудиториямен тығыз жұмыс істейді. Менің тіл біліміне деген қызығушылығым шығыстану факультетінің аудиторияларындағы сол дәрістерден басталғандай.

Ғылыми жетекші профессор Р.Ә.Авакова менің шығыстанушы болып қалыптасуыма, шығыстану саласында ғылыми диссертация жазуыма үлкен көмек көрсеткен ғалым. Раушангүл Әмірдинқызы саналы ғұмырын ұстаздық қызметке арнаған жан.

Профессор Раушангүл Авакова 100-ден аса ғылыми еңбектің авторы. Ол

оннан аса ғылым кандидатын қазақ тілі, тіл теориясы, салыстырмалы-тарихи, типологиялық және салғастырмалы тіл білімі саласы бойынша дайындады. Қазіргі уақытта PhD докторанттар мен магистранттарға ғылыми жетекшілік етеді.

Р.Ә.Авакова әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 20 жылдан аса қажырлы да табысты еңбек тәжірибесінде түркітану ғылымы бойынша субелі еңбектер жазып, түркітану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан, елімізге танымал айтулы ғалым.

Жалпы тіл білімі және түркітану мәселелері, лингвистикалық мәдениеттану, этнолингвистика, қазақ және түркі тілдері фразеологиясы, сонымен қатар лексикография теориясы, қазақ тілін екінші тіл және шет тілі ретінде оқыту және т.б. тіл білімінің көкейкесті мәселелерімен айналысып келеді.

Ол түркітану ғылымының мамандық ретінде қалыптасуы мен дамуына орасан зор еңбек сіңірді. Басшы ретінде оқу үдерісінің жолға қойылуына қызметтік тұрғыдан көп тер төксе, ұстаз-ғалым ретінде филология және шығыстану факультеттеріндегі теориялық ілімнің орнығуына аса зор еңбек сіңіріп келеді.

Біз Раушангүл Авакованы мерейтойымен құттықтаймыз. Денсаулық, отбасына бақыт, тәуелсіз еліміздің мүддесіне қызмет ететін түркітанушы мамандарды даярлау ісіне үлкен табыстар тілейміз.

*Кафедра ұжымы және
шәкірттері атынан*

PhD докторант Бота БОКУЛЕВА

Гордимся тобой, выпускник!

Техническому и профессиональному образованию всегда придавалось важное значение. Вопросы системы оценки уровня профессиональной подготовленности и присвоения квалификации актуальны и сегодня. Ведь именно ее совершенствование является одним из требований работодателей в подготовке кадров и улучшении качества обучения, поскольку предприятия в условиях конкуренции будут выбирать лучших выпускников.

Независимая оценка качества выпускников колледжа ежегодно проводится Республиканским научно-методическим центром развития технического и профессионального образования и присвоения квалификации.

Экзамен (письменное тестирование) по каждому специальному предмету состоит из 100 вопросов в соответствии с учебными программами. Пороговый уровень подтверждения уровня профессиональной подготовленности и присвоения квалификации по специальностям – 60 и более баллов.

При проведении практического теста предусматривается выполнение характерной для данной специальности работы, соответствующей уровню квалификации. По результатам экзаменов и решению комиссии о присвоении квалификационных разрядов (классов, категорий) по профессиям и специальностям, экзаменуемым выдается сертификат с указанием соответствующего уровня квалификации.

В этом учебном году выпускники

колледжа сдавали экзамены по четырем специальностям и, как всегда, показали отличные результаты: в среднем – 82 балла по «Правоведению», 90,5 – «Учет и аудит», 89 – «Информационные системы» и 93,5 – «Переводческое дело». По специальности «Информационные системы» независимая оценка качества профессиональной подготовленности выпускников проводилась еще и в виде практических заданий, с которыми они успешно справились.

Таким образом, проведение независимой оценки уровня профессиональной подготовленности и присвоения квалификации способствует созданию необходимых условий для качественного роста кадров и повышения статуса колледжа КазНУ, а также является дополнительной подготовкой учащихся к Государственным квалификационным экзаменам.

Г.ТУСУПБАЕВА,
заместитель директора по
учебно-производственной
работе колледжа КазНУ

16 мая состоится Ярмарка вакансий, участниками которой станут 50 крупнейших представителей бизнеса, науки и производства



ҚазҰУ студенті жеңімпаз атаанды

2013 жылдың 27 сәуір күні Астана қаласында Конфуций Институты мен ҚХР Елшілігінің ұйымдастыруымен өткен Халықаралық «Қытай тілі көпірі» сайысының республикалық ақтық сынында қытайтану кафедрасының студенті 1 орын алды. Біздің университет және кафедра атынан Алматы қаласы бойынша сайыстың жеңімпазы атанған 3-курс студенті Е. Кузьмичева қатысты. Республикалық сайыста университет намысын қорғаған Екатерина бұл жолы да жеңісті қолынан жібермеді. Ендігі кезекте Кузьмичева ҚХР-дың астанасы Пекин қаласында өтетін Халықаралық сайысқа қатысады. Екатеринаға сәттілік тілейміз!

Қытайтану кафедрасы

ҚазҰУ Бос орындар жәрмеңкесі – 2013

2013 жыл 16 мамыр сағат 09.00-16.00 аралығында әл-Фараби ғылыми кітапханасының үлкен залында (4 қабат) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Бос орындар жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңкеде қазақстандық және халықаралық компаниялардың бос жұмыс орындары, бағдарламалары және тренингтері ұсынылады. Жәрмеңкенің қатысушылары бос жұмыс орындарымен танысып, түйіндеме ұсынып, HR-менеджерлермен әңгімелесуден өте алады.

ҚазҰУ Бос орындар жәрмеңкесі-2013 қатысушылар арасында 50-ден астам бизнес, ғылым және өндіріс салаларының жетекші өкілдері қатысады.

Бос орындар жәрмеңкесі бағдарламасында: ҚазҰУ магистратура және PhD докторантура бағдарламаларының презентациясы, табысты мансап құру жөніндегі мастер-класс өткізіледі. «Жастар тәжірибесі», «Дипломмен ауылға» атты бағдарламаларды Алматы қаласының жұмыспен қамту басқармасы ұсынады.

Түйіндемені career@kaznu.kz адресіне жіберіңіз.

Мансап және бизнес орталығы АМД

Заманауи геодезиялық аспаптар

Біз бірінші курс студенттері «GeoMaster-Ц» компаниясының жетекші маманы Өміралин Мұрат Наурызбайұлының көшбасшылық дәрісі картография және геоинформатика мамандығына пайдалы кеңестер алдық. Заманауи аспаптарды қолдануды меңгердік. Сандық нивелирлер, сандық теодолиттер, электрондық тахеометрлер, GPS жүйелер, лазерлік рулетка және т.б. аспаптарды өзіміз қолдана отырып бұрыштарды, арақашықтықты өлшеу сияқты мүмкіндіктерге ие болдық. Мұрат Наурызбайұлының дәріс барысында өзінің өндірістік тәжірибесі жайында мағлұмат беруі және де

аспапты орнату, центрлеу бойынша өзінің қызықты тәжірибелерімен бөлісуі біздің мамандыққа деген сүйіспеншілігімізді арттырды. Жаңа геодезиялық аспаптардың соның ішінде, әсіресе GPS жүйелері қазіргі заманғы құрылыс, өндіріс жұмыстарында алатын орнының маңызы туралы, геодезия ғылымы мен мамандығының маңызы мен қолдану аясы жайлы мағлұмат алдық. Бізге өте қызықты және пайдалы дәріс ұсынған картография және геоинформатика кафедрасының басшылығына, оқытушыларына алғыс айтамыз.

Мадина СЫДЫҚОВА

Лучшие из лучших

Студенты КазНУ стали лидерами проекта «ТОП-100 лучших студентов Алматы», составив большую часть его электронного каталога.



Проект стартовал в январе при поддержке управления по вопросам молодежной политики аппарата акима Алматы. Основной целью конкурса являются поддержка и выявление наиболее активных, амбициозных и ярких студентов, которых могут выбрать потенциальные работодатели.

Каталог содержит анкетные данные участников и эссе. Работодатели, которым понравился тот или иной студент, смогут получить его контактные данные в рекрутинговой компании.

После КазНУ им. аль-Фараби, нижеследующие позиции по количеству студентов, вошедших в ТОП-100, занимают МАБ, КазНТУ им. К. Сатпаева, КБТУ, Университет международного бизнеса, КазЭУ им. Т. Рыскулова и другие вузы.

Соб. корр.

Иностранные студенты КазНУ посадили деревья

Иностранные студенты, обучающиеся на факультете довузовского образования провели акцию в рамках движения «Green campus».



На занятиях студенты часто обсуждают актуальные проблемы экологии, загрязнения окружающей среды, дискутируют и делятся опытом о том, как решаются эти проблемы в их странах. Иностранные студенты любят повторять фразу: «Алматы – зелёный город».

Студенты из Китая, Афганистана, Южной Кореи, Иордании, Турции и других стран с огромным желанием и удовольствием посадили деревья около своего учебного корпуса, который находится на пересечении улиц Масанчи и Богенбай батыра – в самом центре шумного мегаполиса. Для многих из них это было первое в своей жизни посаженное дерево.

Для иностранцев, обучающихся факультете довузовского образования, эта акция имеет ещё один важный смысл – вовлечение молодых людей в общественную работу, что даёт возможность почувствовать себя частью университета, города, страна, и помогает развитию у молодёжи чувства социальной и экологической ответственности.

И.И. САПРОНОВА,
А.С. АЙТПАЕВА,
ст. преподаватели
кафедры языковой
и общеобразовательной
подготовки иностранцев

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында
(Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 10470

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.